Курс на интеграцию в МРТ при надлежащей его реализации, расширяя рынок сбыта и доступ к передовым технологиям, мог бы активизировать инвестиции, увеличить инвалютные доходы и облегчить решение проблемы обременительного внешнего долга. Он мог бы также способствовать росту и консолидации внутреннего рынка, приумножению бюджетных доходов, финансовой стабилизации и в конечном счете переходу к самоподдерживающемуся и динамичному экономическому росту. Вместе с тем реализация такой стратегии помогла бы, если не устранить, то хотя бы ощутимо сгладить обострившиеся из-за резкого увеличения импорта противоречия между тягой к высоким стандартам потребления и низкими доходами основной массы населения, которые напрямую связаны с неконкурентоспособностью переходных экономик [9]. Однако достижение таких результатов зависит от того, насколько обоснованно будет выбрана экспортная специализация страны.

Надеясь на повторение опыта стран Юго-Восточной Азии, интегрирование в систему международного разделения труда, которое осуществлялось на основе экспорта текстильных товаров, в Казахстане нереально. Рынки развитых стран уже переполнены дешевыми потребительскими товарами и просто не в состоянии абсорбировать дополнительные объемы аналогичных изделий.

Кроме того, необходимо учитывать то, что включение стран Юго-Восточной Азии в международное разделение труда происходило во времена массового производства и потребления. Характерные тому периоду широкие масштабы сбыта при несложной технологии изготовления как нельзя лучше подходили для стран, обладающих дешевой рабочей силой. Однако с переходом западного общества к информационному типу развития значение этого преимущества уменьшается, а перспективы сбыта массовых товаров на западных рынках становятся менее благоприятными.

К тому же азиатский вариант развития не такой уж и благоприятный и эффективный, как могло показаться 6-7 лет назад. Считалось, что пример

модернизации государств Юго-Восточной Азии, основанный на развитии экспорта товаров, производимых по иностранным технологиям, наиболее удачен. Действительно, с 1991 по 1995 г. экономика восьми из десяти стран, достигших роста более 50% были сосредоточены в Азиатско-Тихоокеанском регионе.

В 1991 г. доля данного региона в мировом ВВП составляла 25% (хотя в 1960 г. она не достигала и 4%), а в 2000 г. уже 30% [10]. Кризис 1997 г. не дал осуществиться прогнозам. Причем, по объяснениям специалистов, причины его были заложены в самом процессе развития азиатских стран.

Во-первых, платой за быстрое развитие была относительная односторонность азиатских хозяйственных систем. Так, в Малайзии доля продукции электронной промышленности в экспорте превысила 44%. При этом не могло быть и речи о том, чтобы значительная часть производимой продукции могла быть реализована на внутреннем рынке. Объем экспорта при таком положении показывает не только эффективность национальных производителей, но и ограниченность возможностей национальных потребителей. Показатели роста экспорта не могут служить однозначным свидетельством подъема благосостояния в той или иной стране и свидетельствовать об успехах ее социального развития.

Во-вторых, экономический рост обеспечивался в основном экстенсивными факторами. Развитие промышленности основывалось на вовлечении в производство все больших людских масс: в Сингапуре с 1966 по 1990 гг. доля занятых в промышленности в общей численности активного населения выросла с 27 до 51%; в Малайзии с начала 60-х по начало 90-х гг. этот показатель повысился с 22 до 48%; в Таиланде - с 17% в 1952 г. до 40% в 1993 г. Кроме того, в Малайзии и Таиланде в первой половине 90-х гг. средняя продолжительность рабочего времени в индустриальном секторе достигала почти 2,5 тыс. часов в год (в большинстве европейских стран она законодательно ограничена 1,5 тыс. часов).

В-третьих, следует отметить, что все эти меры не дали бы достигнутого результата, если бы не иностранные инвестиции, которые выросли за период с 1985 г. по 1992 г. в 3 раза в Сингапуре, в 9 раз - в Малайзии, от 12 до 15 раз - в Таиланде. Увеличение масштабов индустриализации, которое ограничивалось Юго-Восточной Азией, сопровождалось снижением спроса на их промышленную продукцию в развитых странах.

В-четвертых, опыт модернизации, осуществленной в регионе, показывает, что рост экономических показателей далеко не тождественен улучшению социальной ситуации. Высокая норма сбережения, составляющая в Малайзии, Таиланде - по 35% ВВП, а в Сингапуре - 47%, означала, что успехи производства основывались на недопотреблении населения. На протяжении восьмидесятых годов потребление на душу населения в Таиланде, Малайзии снизилось соответственно на 7,23% по сравнению с аналогичным показателем, рассчитанным по странам «большой семерки», где темпы роста были более умеренными.

Можно утверждать, что главной причиной кризиса были не только ошибки в финансово-кредитной политике, но главным образом нарушение фундаментальных воспроизводственных пропорций, поставившие эти страны в жесткую зависимость от мировой хозяйственной конъюнктуры.

Таким образом, рассматриваемая модель экспорто-ориентированного развития сырьевого сектора не приведет казахстанскую экономику к общему росту и подъему, наоборот, по многим параметрам производственный спад лишь усилится. Так как сырьевой характер экономики, недоразвитость обрабатывающих отраслей не могут быть преодолены за короткий период времени. По прогнозам, в течение ближайших 15-20 лет сырьевой комплекс будет играть доминирующую роль.

### Список литературы

- 1 Арыстанбеков К. Анализ экспортных возможностей Казахстана // Альпари. – 2002. - №6. – С. 3-13.
- 2 Оболенский В.И. Включение России в мирохозяйственные отношения: пути повышения эффективности // Проблемы прогнозирования. - 1998. - №5. - С.95-108.
- 3 Мегатренды мирового развития:- Режим доступа URL: [www.postindustrial.ru](http://www.postindustrial.ru). - (дата обращения: 25.02.2015).
- 4 Вольский А. Пути экономической интеграции в новых условиях // Внешняя торговля. - 2000. - № 4. - С.4-6.
- 5 Ашимбаева А. Структура экономики: закономерности формирования, тенденции и приоритеты развития. - Алматы, 2000.
- 6 Белоусов А. Р. Системный кризис как вызов российскому обществу // Проблемы прогнозирования. - 1998. - № 2. - С.17-51.
- 7 Денисов Г.Л., Каменецкий М.И., Остапенко В.В. Прикладная наука и инновационная деятельность: экономика и управление. - М.: Диалог-МГУ, 1998. - С.157.
- 8 Загашвили В. Интеграция России в мировое хозяйство // Мировая экономика и международные отношения. - 1999. - № 7. - С.22-29.
- 9 Эльянов А. Индустриализация развивающихся стран в интерьере мирохозяйственных связей и Россия // Мировая экономика и международные отношения. - 1999. - № 2. - С.13-14.
- 10 Иноземцев В. Намечившиеся воспроизводственные тенденции в мировом хозяйстве // Экономист. - 2000. - № 6. - С.80-87.

**Тойганбаева А.Е.,  
Андижанов А.Т.**

«Аймақтану» кафедрасының мұғалімдері,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Мақалада Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің (Сингапур, Малайзия және Тайланд елдерінің мысалында) модернизация тәжірибесі мен мемлекеттердің даму моделіне сараптама жасай отырып, мемлекет өз даму стратегиясын

таңдауда. Шикізатты экспорттау моделін қолдана отырып, Қазақстан Республикасының стратегиясын сараптай келе, мұнай-газ және металлургия саласының рөлі айқын көрінеді. Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасының модернизациялау үрдісінде мұнай-газ саласының маңызы рөлі өте зор.

Қазақстан Республикасы өзін энергетикалық секторы қалыптасып келе жатқан мемлекет ретінде сондай ақ жалпы мемлекет халқының әл ауқатының дамуы мен өсуі ретінде қарастырады. Қазіргі таңда шикізатты экспорттауға бейімделген - бірден бір моделі болып табылады. Өйткені аталмыш модель 15-20 жыл бойы өз орнын тауып басты рөл атқаратын моделге айналды. Сондай ақ бұл моделдің ерекшелігі пайдалы қазбаларды өндіру және сату болып табылады. Қазақстанда ғылыми және техникалық потенциалға ие бола отырып, осыған байланысты іс шараларды іске асыра отырып экспортқа бейімделген инновациялық моделге көшу ретінде қарастыруға болады.

**Toiganbayeva A.,**

**Andijan A.**

lecturers of the chair of Regional Studies,  
Ablai khan KazUIR&WL Almaty, Kazakhstan

### **Prospects for adaptation experience of modernization the South-East Asia in Kazakhstan**

This article analyzes the experience of modernization and growth patterns of Southeast Asia (Singapore, Malaysia and Thailand), where the government chooses the strategy development. Analyzes the strategy of the Republic of Kazakhstan, which uses export oriented resource model, where the leading role is played by the oil and gas sector and metallurgy. Today, the oil and gas sector plays a crucial role in the process of modernization of the Republic of Kazakhstan.

Republic of Kazakhstan has positioned itself as a country where the energy sector is an important element of the economic welfare of the population and the rapid growth of the welfare of the country as a whole. Currently, the most accepted is export-oriented, resource model that within 15-20 years will play a dominant role in this model it is important to develop and sale extracted natural resources. Kazakhstan gained sufficient scientific and technical potential, which is likely due to the transition to export-oriented innovation model.

УДК 327

**Жакупов Р.К.,**  
преподаватель кафедры «Регионоведение»,  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

## **ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ТОЛЕРАНТНОСТИ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ КАЗАХСТАНА**

Конфликты и войны, в конечном счете, заканчивались диалогом, переговорами противоборствующих сторон, в которых во главу угла ставились не только интересы, требования сторон, но и вопросы уважения к выбору другой стороны, условия и возможности мирного сосуществования. И в этой связи толерантность следует понимать, как способность двигаться к взаимоприемлемым целям через диалог с учетом интересов всех сторон. Несомненно, это требует больших усилий от участников коммуникации, но, как правило, правильно построенный диалог является залогом обеспечения стабильности и успешного сотрудничества в будущем.

*Ключевые слова:* толерантность, конфессия, гендер

Проблема толерантности обладает непреходящим значением для любого современного государства созидającego новое гражданское самосознание в полиэтническом и многоконфессиональном обществе, но на фоне геополитического кризиса и санкционной политики ведущих держав она по-особому актуальна для обеспечения международной и региональной безопасности и развития сотрудничества между странами в современном мире.

Как показывает история, конфликты и войны в конечном счете заканчивались диалогом, переговорами противоборствующих сторон, в которых во главу угла ставились не только интересы, требования сторон, но и вопросы уважения к выбору другой стороны, условия и возможности мирного сосуществования. И в этой связи толерантность следует понимать, как способность двигаться к взаимоприемлемым целям через диалог с учетом интересов всех сторон. Несомненно, это требует больших усилий от участников коммуникации, но, как правило, правильно построенный диалог является залогом обеспечения стабильности и успешного сотрудничества в будущем.

Рассмотрение категории «толерантность» началось еще с древних времен. Так, древнекитайский классический даосский трактат «Дао дэ цзин», написанный в конце IV- начале V века до н.э., обращен к правителю: «От него требуется отказ от роскоши и войны, насилия над людьми и вмешательства в их жизнь. Возглавлять государство надлежит не полководцу, военачальнику, а мудрецу» [1].

Наиболее яркое развитие идея толерантности получила в работах философов Просвещения, чьи теории по праву можно считать классическими.

Как одна из основных ценностей гражданского общества толерантность утверждается в текстах великих либеральных мыслителей XVII века - Дж. Локка, Ф. Вольтера, Д. Дидро, П. А. Гольбаха, Ж.Ж. Руссо и др.

Исследуя проблему толерантности в истории общественной мысли, Л.Ноэль, указывает шесть параметров, с помощью которых задается «пространство толерантности»: это раса, класс, гендер, сексуальная ориентация, возраст, умственное и физическое здоровье [2]. К этим сферам проявления толерантности можно добавить сферы знания, коммуникации, международные отношения, политику, этику и др.

Как известно, основные положения и принципы толерантности были разработаны в документах ООН и ЮНЕСКО, а дальнейший её анализ стал осуществляться в научных и научно-популярных источниках [3].

Проблема толерантности имеет различные аспекты: исторический, философский, культурологический, педагогический, психологический, политологический, правовой, социологический и т.д., степень разработанности которых различна. Изучение проблемы толерантности в политологических рамках проводилось меньше всего.

Тем не менее, в 70-е годы XX столетия теоретик «нейтрального либерализма» Дж.Ролз определяет терпимость как основу социальной справедливости. В этих учениях идея терпимости представляла собой переплетение принципов свободы мысли и свободы совести, но одновременно начала пересекаться с проблемой войны и мира [4].

Анализ литературных источников показывает, что в современной научной литературе в основном встречаются исследования лишь отдельных сторон и проявлений политической толерантности. При этом в казахстанской политической науке практически нет теоретико-методологических работ, посвященных теории политической толерантности.

Следует отметить, что уже на заре становления независимости Казахстан определил свою внешнюю политику как «... формирование благоприятной внешней среды и поддержки для стабильного развития страны на основе политических и экономических реформ» [5].

С учетом своего геополитического положения, Казахстан на международной арене проводит многовекторную политику, которая направлена на установление и развитие взаимовыгодного сотрудничества со всеми странами ближнего и дальнего зарубежья.

Вместе с тем, следует отметить, что многовекторность внешней политики Казахстана обусловлена не только геополитическим положением и национальными интересами, но и признанием руководством страны роли и исторического места каждого государства мира в общечеловеческом развитии.

Так, инициатива Главы государства по созданию и функционированию G-Global, созданная как информационно-коммуникативная площадка для глобального диалога, подразумевает при принятии важнейших мировых решений участие всех стран – и развитых, и развивающихся. G-Global ориентирована на все страны, все зоны Интернет-пространства, миллионы

пользователей Всемирной сети, заинтересованных в реформировании мира и создании справедливого и безопасного миропорядка [6].

Вместе с тем, находясь на посту председателя ОБСЕ Казахстан отметил толерантность в качестве основополагающих принципов деятельности данной организации. Как отметил Н.Назарбаев, «казахстанская политика толерантности изначально включает в себя как внутренние, так и внешние измерения. Благодаря этому обстоятельству политика Казахстана в вопросах толерантности является последовательной, предсказуемой и свободной от двойных стандартов. Не случайно Казахстан воспринимается многими государствами ОБСЕ как возможный посредник в решении замороженных конфликтов» [7].

Другим примером инициирования Казахстаном глобального конструктивного диалога является проведение с 2003 года Съездов лидеров мировых и традиционных религий, которые позволили сформулировать ряд важнейших принципов взаимопонимания и межконфессионального сотрудничества. В итоговой декларации Первого съезда лидеров мировых и традиционных религий говорится: «Религии должны стремиться к большему сотрудничеству, признавая толерантность и взаимовосприятие как существенные элементы мирного сосуществования всех народов» [8].

Вместе с тем, нарастание глобальных и региональных вызовов и угроз в международной обстановке, наблюдавшееся в последнее время становится одним из важных факторов, определяющих общественно-политическую стабильность внутри страны. Примечательно, что согласно данным, опубликованным Казахстанским институтом стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан (КИСИ) среди ожидаемых важнейших событий в Центральной Азии в 2015 году, которые будут формировать политическую и экономическую повестку в регионе, указаны развитие украинского кризиса и дальнейшее функционирование Евразийского экономического союза [9].

В целом следует отметить, что эти два события являются взаимоисключающими в плане влияния на стабильность внутри страны. Так создание Евразийского экономического союза и развитие в целом интеграционного процесса в данном регионе, привели к позитивным изменениям в сфере общественного согласия, поскольку население стало более уверенным в прогнозировании будущего Казахстана, вследствие позитивных отношений Казахстана с Россией, Белоруссией. Тогда как, активизация боевых действий на юго-востоке Украины, и в целом обострение данного кризиса, а также информационное нагнетание обстановки со стороны некоторых СМИ, приводят к увеличению тревог и опасений граждан, в том числе к обострению межэтнических отношений.

Следует заметить, что вопрос взаимоотношений между представителями казахской и русской национальностей актуализировался в связи с присоединением Крыма к России, ухудшением ситуации на юго-востоке Украины, а также высказываниями некоторых недальновидных политических



деятелей Российской Федерации относительно территориальных притязаний к Казахстану.

Вследствие чего в социальных сетях и на веб-страницах интернет ресурсов в последнее время участились случаи словесных перепалок между казахскими и русскими блогерами, которые прямо или косвенно стали оскорблять национальные чувства граждан [10].

При этом некоторые эксперты не исключают, что существует вероятность того, что этническое противостояние интернет пользователей может перерасти в реальную угрозу.

Данный факт с одной стороны, указывает на возрастание роли интернет технологий в общественной жизни горожан, а с другой, показывает рост этнической неприязни между представителями двух этносов до «критической точки», когда она становится уже ощутимой в настроениях горожан.

На фоне глобальных и региональных вызовов и угроз в международной обстановке, вопрос освещения в СМИ программных документов государства, а также мероприятий, направленных на укрепление толерантности, согласия занимает важное место среди факторов межэтнической стабильности в обществе.

Следует отметить, что внешнеполитическая толерантность в позиции Казахстана является залогом не только успешного сотрудничества со многими государствами, имеющими не одинаковые позиции по тем или иным вопросам, но и остается одним из главных факторов, обеспечивающих общественное согласие и межэтнический, межконфессиональный диалог внутри страны.

Тем не менее, на сегодняшний день, для развития общественного согласия, толерантности, а также расширения межкультурного и междивизиационного диалога следует усилить роль СМИ и интернет ресурсов. Поскольку ощущается нехватка информации именно новостного и аналитического контента казахстанского содержания, в особенности по актуальным проблемам международных отношений и региональной безопасности.

Данная ниша в основном заполнена материалами российских или пророссийских СМИ, содержание материалов которых иногда вызывает недовольство у населения, поскольку описывает военные конфликты в Украине лишь с точки зрения сепаратистских настроений жителей юго-востока страны, что не содействует укреплению единства и взаимопонимания. Вместе с тем некоторым СМИ не хватает целенаправленности и конкретности в материалах, часто рассуждения становятся абстрактными, негативные факты частного характера неоправданно обобщаются на всю ситуацию, тем самым создаются барьеры для объективного и адекватного восприятия реального состояния дел.

Поэтому возникает необходимость более эффективного наполнения информационного пространства материалами, направленными на укрепление толерантности, международного сотрудничества и межэтнического согласия.

В этой связи, дальнейшее формирование установок толерантного сознания и поведения, терпимости и миролюбия, имеют для внешней и внутренней политики Казахстана особую актуальность, обусловленную необходимостью сохранения диалога и согласия в качестве главных факторов обеспечения не только внутривластной стабильности государства, но сохранения международной и региональной безопасности и развития сотрудничества со всеми странами.

### **Список литературы**

- 1 Древнекитайская философия. - Т.1. – М., 1972 - С. 114.
- 2 Noel L. Intolerance. The parameters of oppression. – L. McGill-Queen's University Press, 1994. – P. 110.
- 3 Декларация принципов толерантности, 16 ноября 1995 года: - Режим доступа: [www.tolerance.ru](http://www.tolerance.ru) - (дата обращения 20.02.2015).
- 4 Ролз Дж. Теория справедливости. - Новосибирск, 1995. - С.197.
- 5 Назарбаев Н.А. Становление Казахстана как суверенного государства и стратегия его развития. - А., 1992. – 213 с.
- 6 G-Global - дополнительный инструмент взаимного диалога о проблемах глобального мироустройства: - Режим доступа URL: [www.e-history.kz](http://www.e-history.kz) - (дата обращения: 20.02.2015).
- 7 Выступление Президента РК Н. Назарбаев на открытии Конференции ОБСЕ высокого уровня по толерантности и не дискриминации: - Режим доступа URL: [www.inform.kz](http://www.inform.kz) - (дата обращения: 20.02.2015).
- 8 Выступление Н.Назарбаева на Первом Съезде лидеров мировых и традиционных религий, Астана, 23-24 сентября 2003 // Сборник материалов, выступлений и приветственных посланий. – Астана, 2003. –137 с.
- 9 Десять наиболее важных событий центральной Азии в 2015 году: - Режим доступа URL: [www.kisi.kz](http://www.kisi.kz) - (дата обращения: 20.02.2015).
- 10 Денис Кривошеев: Нужно просто потерпеть, скоро нас станет совсем мало: - Режим доступа URL– [www.ratel.kz](http://www.ratel.kz) - (дата обращения: 20.02.2015).

**Zhakupov R.,**

Lecturer of the Regional Studies Department, Ablai khan KazUIR&WL,  
Almaty, Kazakhstan

### **Creating a culture of tolerance in the foreign policy of Kazakhstan**

Conflicts and wars, eventually ended dialogue, negotiation of the opposing sides, which gives priority to the interests of not only the requirements of the parties, but also the issues of respect for the choice of the other hand, the conditions and the possibility of peaceful coexistence. And in this regard, tolerance should be understood as the ability to move toward mutually goals through dialogue, taking into account the interests of all parties. Sure, it requires a lot of effort from participants of communication, but as a rule, properly constructed dialogue is the key to ensuring stability and successful cooperation in the future.

**Жакупов Р.,**

Аймақтану кафедрасының мұғалімі,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

### **Қазақстанның сыртқы саясатында толеранттылықтың мәдениетінің қалыптасуы**

Қақтығыстар мен соғыстар ақыр соңында, екі жақтар арасында диалог немесе келісімдермен аяқталатын, бұнда басты тек қана екі жақтың қызығушылығы мен талаптары ғана емес, басқа жақтың талабын сыйлау мен бейбіт өмір сүру мүмкіндіктері болып табылады. Осы жерден толеранттық түсінушілік пен алға қойған мақсаттарға екі жақпен келісім арқылы табысу айтылады. Әлбетте, байланыс жасауда қатысушылар үлкен күш жұмсайды, себебі дұрыс қойылған диалог тұрақтылық пен табысты ынтымақтастықтың келешек кепілі.

**УДК 339**

**Доскелдинова Ә.Н.,**

1-інші курс «Аймақтану» кафедрасының магистранты,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

### **КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢ ГЕОСАЯСИ КЕҢІСТІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕР МҮДДЕЛЕРІ**

Бұл мақалада Каспий аймағына байланысты негізгі халықаралық, геосаяси, геоэкономикалық мәселелер зерттеуге алынған еді. Осы аймаққа қатысты негізгі әлемдік және аймақтық ірі "геосаяси ойыншылар", яғни олар Ресей Федерациясы, АҚШ, Еуропалық Одақ, Түркия, Қытай және Иран мемлекеттерінің позицияларына талдау жасалынды. Жаңа ғасырдағы Каспий аймағының геосаяси және геоэкономикалық даму келешегі және оның әлемнің геосаяси жағдайына әсері қарастырылды. Әсіресе, халықаралық қатынастар жүйесіндегі геосаяси орналасу мен энергетикалық факторларына тоқталып өттім. Каспий теңізіндегі энергетикалық ресурстарды бақылау мен экспортқа шығару геосаяси бәсекелестіктің себебі ретінде осы аймаққа қатысты әр мемлекет талданды.

*Түйін сөздер:* Каспий аймағы, геосаясат, энергетикалық қор, геосаяси мүдде, әлемдік держава, инвестиция, транзиттік құбыр желілері, аймақтық қауіпсіздік, әлемдік нарық, халықаралық қатынастар, өнеркәсіп

Каспий аймағы Еуразия материгінің орталық бөлігін құрап, қазіргі таңда әлемнің саяси картасында ерекше орын алады. Еуразияның географиялық

орталығы бола тұра, Каспий аймағы экономикалық және саяси маңызды аймақтардың, Шығыс Еуропаның, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азияны, Азия-Тынықмұхит аймағын және Ресей Федерациясының солтүстік-батысындағы дамыған аудандарын байланыстырып, сонымен қатар, оларды бір-бірінен бөліп тұрады.

КСРО ыдырағаннан кейін, 1991 жылдан бастап Каспий аймағының геосаяси және геэкономикалық кеңістікке айналу процесі басталды. Ең маңызды фактор ретінде ХХІ ғасыр басындағы осы аймаққа басқа мемлекеттердің ықыласының өсуі. Геосаяси орналасуы мен энергетикалық ресурстар байлығы осы аймаққа бағытталған ықыластардың себептері ретінде қарастыруға болады. Осы аймақтағы «дәстүрлі» геосаяси ойыншылар Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Түркия мен Иран мемлекеттерімен қоса Қытай, Жапония, Сауд Арабиясы, Франция және Германия мемлекеттері өзінің саяси-экономикалық белсенділігін көрсетуде. Осы жағдай аймақтың отын-энергетикалық ресурстары мен оның тасымал жолдарын бақылау мәселелерімен байланысты. Ал жанармай факторы халықаралық қатынастарда елеулі рөл атқаратыны мәлім.

1990 жылдан бастап посткеңестік кеңістіктің күйреуіне байланысты Каспий аймағы әлемдік «үлкен ойынның» ажыратылмайтын бөлшегі ретінде қалыптасты. Сол себепті осы аймақтағы геосаяси және экономикалық мүдделері бар мемлекеттер мен одақтардың Каспий кеңістігіндегі стратегиясын талдап өтсек.

Біріншіден, АҚШ пен ЕО мемлекеттері мықты және көп компоненттік экономика құра отырып, бұл құрылымның әрі қарай дамуына мүдделі. АҚШ-та әлем тұрғындарының 4,5% тұрады, оған әлемдік ЖІӨ-нің 22% сәйкес келеді. Сондықтан «бай солтүстік» пен «кедей оңтүстік» арасындағы отын және минералды ресурстар күресі сөзсіз [1]. Өйткені дамып келе жатқан мемлекеттердің ЖІӨ-і мен ресурстарды қолдануы қазіргі таңда дамыған мемлекеттерден озып түсуде. Вашингтон өзін Каспий аймағының Батыс нарығына еркін мұнай жол ағымы кезіндегі аймақтық қауіпсіздік кепілі ретінде көреді. АҚШ басшысы Б. Клинтон болған кезеңде Қара теңіз бен Каспий аймағы осы мемлекеттің өмірлік мүдделер қатарына жатқызған еді. Осы аймақтардағы мәселелерді бақылау үшін АҚШ администрациясының жеке бағытталған арнайы аймақтық бөлімшелері құрылған болатын. Сонымен қатар, Каспий аймағы бойынша арнайы президент кеңесшісі мен энергетика мәселелері бойынша мемлекеттік көмекшісі тағайындалған еді. Экономикалық тұрақсыздық, Каспий теңізінің нақты шешілмеген мәртебесі, сонымен қатар, аймақтық қақтығыстар (Карабах, Абхаздық, Оңтүстік Осетия) осы мәселелер американдық саясаттың объектісі болып табылады. Бір жағынан, бұл жағдайлар Құрама Штатының аймақтағы мүдделеріне қауіп төндірсе, ал екінші жағынан, жаңағы тұрақсыз мәселелер АҚШ-қа осы аймақта өзінің кеңесші және бітімгер рөлін атқаруға жол ашады. Парсы шығанағы, Иран және Каспий аймағының энергия көзіне экономикасы динамикалық түрде дамып келе жатқан Солтүстік Америка, Еуропа және Шығыс Азия аймақтары ыңтымақтастық келісімшарттар жүргізу арқылы

жасырылса да, осы аймақта өктемдік жүргізу стратегиясы—әлемдік гегемонияның үстемділігі және артықшылық кепілі болар еді [2].

Сондықтан да, негізге алынатын жайт, ол әлемдік державалар арасындағы осы аймақта өз стратегиялық мүдделерін орындауда бәсекелестік факторын атап өтуге болады.

Көбінесе Еуропалық Одақ АҚШ-қа қарағанда осы аймақта экономикалық мүддесімен ерекшеленеді. Ең басты мақсат ретінде өзінің энергетикалық қауіпсіздік болашағын құру. Каспий аймағы ресейлік пен таяушығыстық мұнай мен газ тәуелділігінен алшақтатып, жаңа қамтамасыз етуші аймақ ретінде болуы әбден мүмкін. Қазіргі таңда Каспий теңізінде ЕО мемлекеттерінің мұнай шығару өнеркәсіптері өсуде. Мысал ретінде «Statoil» (Норвегия), «British Petroleum» (Ұлыбритания), «Total» (Франция) «Eni» (Италия) мұнай компанияларын атап өтуге болады.

Осы аймақтың көрші мемлекеттерінің Каспий теңізіндегі мүддесі еуро-американдық стратегиясымен ұштасуда. Яғни, АҚШ пен ЕО-тың Батысқа бағытталған мұнай-газ тасымалдау транзитін құру ықыласымен тығыз байланысты. Бірақ бұл Каспий аймағының көрші жатқан мемлекеттерінің ең өткір басымдылығы емес. Мүдделерін қанағаттандыру үшін осы транзиттен өтетін мұнай мен газдың шамалы мөлшерін болсада өздеріне қамтамасыз ету.

Осы мемлекеттер тобынан Грузия Каспий энергетикалық ресурстарының транзит жолдарына өте мүдделі. Грузия территориясы арқылы өтетін Баку—Супса және Баку—Тбилиси—Джейхан мұнай құбыры ел экономикасына өз септігін тигізуде.

Сонымен қатар, Каспий аймағының геосаясатында Түркия айрықша орын алады. Бұл мемлекет Каспийлік энергетикалық ресурстарының Батысқа бағытталған транзитін дамытуға белсенді қатысуда. Яғни, бұл арқылы Түркия батыс мемлекеттерімен ынтымақтастығы Ресейдің мұнай құбырының тасымалдану монополиясына қарсы бағытталған стратегияларының бірі ретінде санауға болады. Қазіргі таңда Каспий аймағының мұнай мен газ тасымалының негізгі ағымы Ресей территориясы арқылы өтуде. Ресей территориясы арқылы Каспий аймағының ең қуатты мұнай құбыры- Каспий құбыр желісі консорциумы болып табылады. Жылына орташа санағанда 28,2 млн. тонна мұнай өндіріледі. Ондағы ең қуатты кең орынының бірі — Тенгиз. Осы мұнай құбыр желісі Батыс Қазақстан мен Ресейдің Новороссийск портымен байланыстырылған.

Ал Каспий аймағының мемлекеттеріне келсек, яғни Әзірбайжан, Ресей, Қазақстан, Иран және Түрікменістан позицияларын қарастырғанда Иран мен Ресей мемлекеттерінің мүдделерін бөліп қарастыруды қажет етеді. Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменістан осы аймаққа шетел инвестициясын тарту арқылы көмірсутек ресурстарын өндеуге, сол арқылы жаңа құбырлар желісін дамытып ашуға мүдделі. Әсіресе Әзірбайжан осындай саяси стратегияны ұстануда. Әзірбайжан мұнай құбыр желісінің тасымал жолында Ресей Федерациясының тәуелділігінен арылғысы келеді. Оның себебі деп, осы мемлекеттің батыс мемлекеттеріне таяу орналасу позициясы

мен саяси элитасының батысшыл саясаты, сонымен қатар, Түркия мемлекетімен тығыз мәдени байланысын атап өтуге болады.

Қазақстан осы аймақта күрделі геосаяси позициясында тұр. Өйткені, Қазақстан үш әлемдік державалар, яғни, олар Ресей, АҚШ, Қытай мемлекеттері арасында әрекет жасау керек. Қазақстан батысқа бағытталған мұнай құбыр желісін дамытуға мүдделі болғанымен, Ресеймен тығыз экономикалық және геосаяси даму байлыныстарына қатысты теңдік пен тиімділік арасындағы ымыраға жету жолында дамып келе жатыр деуге болады. Жалпы алғанда, саяси тәуелсіздікті алғаннан бері кіші Каспий аймақ елдерінде мұнай-газ ресурстары өз болашағының көркею жетістіктерін байланыстырып отыр. Қазақстанның ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей: “энергоресурстар басқа да минералды шикізаттар ресурстарымен бірге Қазақстанның экономикалық дамуындағы катализатор рөлін атқарады. Мұнайды сатудан келіп түскен табыс, бірінші орында, өнеркәсіптің модернизациясы мен диверсификациясына, транспорттық-транзитті потенциалды кеңейтуге, өндірістік қорлардың техникалық жетілдірілуіне және біздің елдің адамзаттық потенциалының дамуына қолданылуы тиіс” [3].

Ал Түрікменістанға келсек, ол газды солтүстік-батыс аймағына Ресей территориясы арқылы экспортқа шығарады. Өзінің сыртқы саясатында бейтараптық саясат ұстанғандықтан, газды экспорттаудың жаңа бағыт-бағдарын таңдауға осы саясат өз септігін тигізуде. Түрікменістандағы мұнай қорларының болуы және оны дамыту жолдары шетел компанияларын қызықтыруда. «Мұнай мен газ өндірісі (көбінесе газ өндіру саласы) ел экономикасының негізі болып табылады. Көмірсутек қорының мол көзіне байланысты, бұл мемлекет мұнай мен газ транзиттік құбырлар желісін дамытуға ынталы. Әлемдік газ қорының мөлшері бойынша Түрікменістан төртінші орынды алады» [4].

Иранға келетін болсақ, осы мемлекет өзінің Каспий теңізіндегі кен орындарын енді игеру процесінде тұр. Парсы шығанағындағы едәуір газ-мұнай қорлары осыған себеп болып табылады. Сондықтан Каспий теңізіндегі газ-мұнайды резервті бассейн ретінде қарастыруда. Сонда да, Ирандық мұнай кәсіпорындары мен мердігерлері Каспий теңізі жағалауындағы солтүстік көршілермен, атап айтқанда, Қазақстан және Түркменстанмен мұнай және газ құдықтарын қазу саласында ынтымақтастық етіп жатыр. Иран Каспий теңізінен мұнай мен газды өндірмесе де, белгілі бір мөлшерін Түрікменістан және Қазақстаннан экспорттайды. Осы арқылы Иран өзінің солтүстік аймақтарын энергия көзімен қамтамыз етуде. Иранның мұнай және газ өнеркәсібі теңізде бұрғылау жұмыстарын жүргізетін платформалар жасау және теңіз түбімен құбыр салу жөнінде өзін толық қамтамасыз еткен. Иран "Оңтүстік Парс" газ кенішін дамыту арқылы аймақ пен әлем деңгейінде ең ірі қуат өндіруші орталыққа айналды. Бұл кеніштегі жобаларды жүзеге асыру барысында Батыстың ірі мұнай кәсіпорындары түрлі сылтаулармен атап айтқанда Американың санкциялары себебінен шектеулер жасады. Иранның мұнай-газ өнеркәсібі басқа да салалар тәрізді даму үшін Батыстың көмегіне

қарап отырмайды. Бірақ елдің солтүстік аймағы оңтүстік аймағына қарағанда өнеркәсіптік саласында артта қалуы бұл факт.

Ресей Федерациясының басшысы Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының IV саммитінде "Өзара әрекеттесудің маңызды бағыты - энергетика. Каспий жағалауы мемлекеттері мұнай мен газ өндіруде жетекші орындарда, Каспий аймағының мемлекеттері көмірсутектердің әлемдік нарығында, соның ішінде, баға қалыптастыру, ғаламдық және аймақтық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде өз әрекеттерімізді тығыз үйлестіре алатын боламыз» деп, бірлескен ауқымды жобаларды іске қосуға, өзара инвестицияларды ынталандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға мүдделігін көрсеткен еді [5]. Сонымен қатар, Каспий бестігі өзара байланыса отырып, Каспий аймағын 250 миллионға жуық адамды біріктіретін қарқынды дамушы нарыққа айналдыруын және табиғи бәсекеге қабілетті артықшылықтарды мейлінше белсенді іске қосу керектігін алға тартылып отыр. Ресейдің қазіргі таңдағы Каспий аймағына қатысты саясатының негізгі бағыттарын келесі позицияларынан көруге болады. Біріншіден, Каспий аймағының экспорттық көмірсутек өндірісінің көлемін бақылау. Екіншіден, «Газпромды» Орта Азия аймағынан газды тасымалдауында монополия ету мақсаты. Үшіншіден, мұнай мен газ өндіру жобаларында өзінің орнын орнықтыру, әсіресе қазақстандық акватория секторында. Әрине, осы жағдайлар Ресей мен Батыс елдерінің мүдделерімен қайшы келуде. КСРО заманынан бері Ресей өзің Еуразиялық кеңістікте бітімгер позициясын ұстанған еді. Орта Азия, Каспий, Күнгей Кавказ аймағындағы тұрақсыздық процестерді алдын алу үшін сыртқы саясатында нақты позицияларын орнықтыру қажет болып отыр.

Қорытындылай келе, Каспий аймағы - тарихи бәсекелестік пен тарихи әріптестік аймағы. Әр уақытта осында орналасқан мемлекеттердің қайшылығы және өзара сауда байланыстары аймағы болды. Жүз жыл бұрынғыдай ол аса ыңғайлы географиялық орналасуымен, бай көмірсутекті қорымен, ерекше биологиялық ресурстарымен, дамуы бүкіл аймаққа әсер ететін көлік жолдарының тоғысуымен әлем державаларының қызығушылығын өзіне тартуда. Сондықтан, Каспий геосаяси кеңістігінің даму болашағы осы аймақтағы мемлекеттердің өзара байланыстарының күшеюіне, ортақ мүддедегі мәселелердің шешімін табуда бірлесіп қимылдауына байланысты.

### Әдебиеттер

1 Ибрахим А. Эволюция политики Соединенных Штатов в Каспийском регионе: неустойчивое равновесие // Центральная Азия и Кавказ. – 2007. - № 4 (52). - С. 45.

2 Бжезинский З. Выбор: мировое господство или глобальное лидерство. - М: Международные отношения, 2004. - С. 102.

3 Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»:

новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 // Казахстанская правда. – 2012. – 15 декабря. – С.1-2.

4 Калиева Д.А. Интересы Туркменистана в Каспийском регионе: вопросы транспортировки. – Алматы: КИСИ, 2005.

5 Ресей президенті Владимир Путиннің баяндамасы “Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының IV саммиті. - Астрахань, 2014.

**Доскелдинова А.Н.,**

Магистрант 1 курса специальности «Регионоведение»,  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

### **Интересы государств в геополитической системе Каспийского региона**

В статье исследуются современные международно-геополитические, геоэкономические проблемы Каспийского региона. Анализируются позиции основных "геополитических игроков" - России, США, Евросоюза, Турции, Китая и Ирана в отношении Каспия. Рассматриваются геополитические и геоэкономические перспективы Каспийского региона в наступившем 21 столетии и его влияние на геополитическую ситуацию в мире.

Отмечена важность геополитического положения и энергетического фактора в международных отношениях, что рассматривается сквозь призму геополитического соперничества в Каспийском бассейне, причиной, которого в значительной мере является стремление контролировать и экспортировать энергетические ресурсы.

**Doskeldinova A.,**

Undergraduate student 1st course, Specialty “Regional Studies”,  
Ablai khan KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan

### **The interests of countries in geopolitical system of the Caspian region**

The article examines the major modern international geopolitical, geo-economic issues related to the Caspian region. Analyzes the position towards to this region major "geopolitical players" - world and regional powers, such as Russia, the US, EU, Turkey, Iran and China. It discusses the geopolitical and geo-economic prospects of the Caspian region in the new century and their influence on the geopolitical situation in the world. Especially, I noted the importance of the geopolitical position and power factor in international relations. This article explores geopolitical rivalry in the Caspian Basin, driven in large measure by the desire to control and exploit energy resources.



УДК 327 (470:5-191.2):339

**Адилханұлы Н.,**  
с.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ  
**Мұратбекқызы С.,**  
2 курс, «Аймақтану» кафедрасының магистранты,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, samal.muratbekkyzy@gmail.com,  
Алматы, Қазақстан

## **ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ҚҰРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ ОА АЙМАҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА БЕТБҰРЫСЫ**

Бұл мақалада Еуразиялық экономикалық одақ құруды қалыптастырудағы Ресейдің ОА аймағына қатысты жаңа бетбұрысы жайлы айтылады. Сонымен қоса, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үрдістер, әсіресе Қазақстан мен Ресейдің арасындағы сауда – экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық, тарихи ортақтастық пен көптеген факторлардың ұқсас келуі қарастырылады. Екі ел арасындағы өзара қарым –қатынасты жүзеге асыру тактикасы ретіндегі прагматизмді атап өтуге болады. Қазіргі сыртқы саяси үдерістердегі ЕЭО құру арқылы Орталық Азия мемлекеттерінде жаңа интеграцияның табалдырығын қалыптастыру арқылы, Ресей аймақта мүлде жаңа басым бағыттарға ие болатын стратегиялық бағдарға келе жатқанын сараптауға болады.

*Түйін сөздер:* ЕЭО, интеграция, Қазақстан, экономика, инвестиция, посткеңестік, Кедендік Одақ, Ресей

Ресей президенті В. Путин: ««заманауи әлемнің полюстерінің бірі болуға лайықты қауқарлы ұлтаралық құрылым» – Еуразиялық одақты 2015 жылға қарай құру – оған қатысушыларға экономикалық және валюталық саясатты үйлестіруге, толық қанды экономикалық одақ құруға мүмкіндік береді», - деген пікір білдірді [1]. Ал Н. Назарбаев болса, өзінің ТМД мемлекеттері негізінде Еуразиялық одақ құру туралы пікірін 1994 жылдың наурызында білдіргенін еске сала отырып, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық мұраттарға адалдығын танытып қана қоймай, сонымен қатар бұл жобаның түрлі аспектілерін дамыту мен нақтылауды жалғастыруға дайын екендігін танытты. Өз елдерінің экономикалық жағдайына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларға талдау жасаған соң және оны түбегейлі жақсарту мәселесін басшылыққа ала келіп, Ресей, Қазақстан және Белорусь елдерінің басшылары бастапқы кезеңде Кедендік одақ (КО), артынан – Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК), ал ең соңында түпкілікті мақсат – Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құру туралы шешімге келді. Ал А. Лукашенко Белоруссия үшін «нағыз табиғи даму жолы ретінде өзіне жақын көршілермен терең де жемісті» интеграцияға бару қажеттілігінің мойындалған мәселе екендігі туралы айта келіп, бұндай интеграцияға қосылу 1990 жылдардың

бірінші жартысындағы өткізілген екі референдум барысында халықтың басым көпшілігінің қолдауына ие болғандығын атап өтті.

Сондай-ақ Орталық Азияның тағы бір мемлекеті Қырғызстан Республикасының да Еуразиялық экономикалық одақ құрамында Армениямен қосқанда толыққанды мүше болып кіру де, 2014 жылдың 23 желтоқсаны күні жүзеге асты. Сол күні Қырғызстанның ЕЭО қосылуы туралы құжатқа қол қойылды, деп хабарлады Ресей президенті В.В.Путин. Армения мен Қырғызстанның Еуразиялық одаққа мүшелігі бұл елдердің байырғы ұлттық мүдделеріне жауап беріп, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін кең көкжиектерді ашатынына сенімдіміз", - деді Путин Жоғары Еуразиялық экономикалық одақ отырысы бойынша өткен баспасөз мәслихаты кезінде.

Ресей, Қазақстан және Белоруссия арасындағы тығыз экономикалық байланыстың қалыптасуының бастамасы 2010 жылы Кедендік одақ құру арқылы жасалған болатын. Өз кезегінде осы мақсаттарға қатысты жасалынған мемлекетаралық келісімдердің жүзеге асырылуы оның мүшелері тарапынан әртүрлі қарқындық деңгейде жүргізілгендігіне қарамастан, біртіндеп орындала бастады. Бір айта кетерлігі – әрекет ету бағыты белгіленіп және нақты анықталғандығына қарамастан, тәжірибе жүзінде КО кіретін елдердің мүдделерін барынша қамсыздандыру мен үйлестіру үшін реттеуші шаралар мен тәртіптерге ұдайы түрде түзетулер енгізіліп отыру қажет болды.

Белгілі-бір интеграциялық шаралар жүргізу барысында Кедендік одақтың әрбір мүше-мемлекетіндегі ұлттық кәсіпкерлер мен тауарөндірушілердің өзіндік ерекшеліктерін зерделі түрде есепке алу қажет болды. Сонымен қатар ұлттық экономикадағы өзгерістер де өз кезегінде тұтынушы тауарлар мен қызметтердің құнына ықпал ететіндігін де зерделенген түрде есепке алынуы керек еді. Өйткені, бұлай істемеген жағдайда КО елдеріндегі ұлттық өнеркәсіптің дамуы тежеліп, инфляцияның дамуына ықпал етумен қатар, таза экономикалық салағы қатысты басқа да апаттық салдарлардың пайда болуы мен әлеуметтік-саяси шиеленістікке де алып келуі мүмкін еді.

Басқаша айтқанда, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үрдістің жүріп жатқанына қарамастан, интеграцияқ өзгерістер алдында тұрған қиындықтарды және де Кедендік одақтың мүше-мемлекеттері жолығатын қатерлерді есепке алып, бағаламау үлкен қателік болар еді. Сонымен қатар Кедендік одаққа деген қатынас құрылтайшы-елдерде түрлі көзқарасқа ие. Кедендік одақтың жетістіктері мен кемшіліктері туралы талас оның ресми түрде жұмыс істей бастағанына қарамастан тоқтамай келеді. Оның мақсаттылығы мен өміршендігі туралы түрлі саяси күштер мен ағымдардың, академиялық орта мен іскерлік топтардың өкілдері өз пікірлерін білдірді және де білдіріп келеді. Кедендік одақтың құрылуы туралы сын пікірлер шетелдер тарапынан, оның ішінде АҚШ пен ЕО елдерінен де айтылды. Бұл жердегі ең қисынсыз мәселе ретінде сыншылдар бұл одақтың құрылуы оның мүшелерінің мүддесіне жауап беруің орнына, олардың өзіндік қызығушылықтары арасындағы қайшылықтарды туындатады деген пікірді келтіруге болады.

Кедендік одақты сынаушылардың мысалдарына зерделі және алаламай түрде назар аударатын болсақ, олардың пікірлері арасында баса назар салуды және шешімін табуды талап ететін маңызды мәселелердің орын алып отырғандығын мойындауымыз қажет. Бірақ та, КО қатысты барлық қарсы пікірлермен келісуге болмайды.

Кедендік одаққа қатысты айтылған қарсылықтар мен наразылықтарды талдай отырып, оларды келесідей негізгі категорияларға топтауға болады.

Айтылған ескертпелердің ішіндегі барынша салмақтыларының қатарына біріншіден, посткеңестік елдердің өзара іскерлік байланыстарын қолдауға (әрине, кеңейтуге де) ешқандай экономикалық қызығушылықтың жоқтығы туралы пікірді жатқызуға болады. Бұл пікірді ұстанушылар өз ойларын посткеңестік кезеңдегі ТМД елдерінің өзара сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстары көлемінің айтарлықтай төмендегені байқалғандығы мен олардың сыртқысауда айналымындағы үлес салмағының азаюымен негіздейді [2].

Бірақ та, олар бұрынғы кеңестік республикалардың (қазіргі тәуелсіз елдер) шаруашылық байланыстарының біршама ұзақ тарихы бар екендігін, яғни олардың бірнеше ондаған жылдар бойы біртұтас халықшаруашылық кешен аясында жемісті жұмыс істегендігі фактісін елемей отыр. Еуропалық одаққа кіретін елдерден бір айырмашылығы посткеңестік мемлекеттерге өзара шаруашылық байланыстарды қалыптастырудың қажеті жоқ, тек оны қайта қалпына келтіру керек еді. Өйткені олардың 1990 жылдардағы қиратылуға ұшырауына Кеңестер Одағының ыдырауына алып келген ұлттық республикалардың қарқынды саяси егеменділігі ықпал етті, ал бұл өзара шаруашылықтық мүдделердің жоқтығын немесе жойылғандығын білдірмейді.

Тіпті де, соңғы жиырма жылдық тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өзара шаруашылықтық байланыстардың айтарлықтай қиратылуы нәтижесінде ұлттық экономикаға барынша зиян келтірілген, яғни, барлық посткеңестік елдердегі ұлттық өнеркәсіптің алдыңғы қатарлы салаларының жойылуына алып келген үрдіс болған. Нәтижесінде олар, оның ішінде Ресей де бар, әлемдік экономиканың перифериясына айналуының қайтарымызсыз келешегіне аяқ басқан еді. Ал ұлттық экономиканы дағдарыстан шығару, оны құрылымдық жағынан қайта құру мен жаңғырту, экономикалық және технологиялық прогрестің траекториясына өз күшімен шығу немесе бұл мақсаттар үшін шетелдік инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асыру көп жағдайда тек бұлдыр үміт күйінде қалды. Осындай жағдайда бұрындары болған өзара өнеркәсіптік, технологиялық, сауда және басқа да шаруашылықтық байланыстарды жаһандық қатерлерге қарсы қолданудың тиімді формасы ретінде белгі-бір үлгіде қайта қалпына келтіруге деген қызығушылықтың қайта туындауы заңды мәселе болып саналады.

Бұл құбылыс бұрынғы кеңестік республикалардың (оның ішінде Ресей де бар) барлығына да тән. Олардың барлығы посткеңестік елдердің нарығына деген қолжетімділікті және оны кеңейтуді, олармен өнеркәсіптік кооперацияны жүргізу, және де басқа елдердің аумағында өндірілетін

энергошикізаттық және ауылшаруашылықтық ресурстар есебінен өзінің өсу үстіндегі қажеттіліктерін қамсыздандыруға деген қажеттілікті сезіне бастады.

Өзара экономикалық қызығушылықтың үдерісін 2000–2008 жылдардағы Ресейдің ТМД елдерімен арадағы өзара тауар айналымы құндылық көрсеткіші бойынша 4,2 есе артып, 25 327-нан 106 263 млн долларға жеткен. Ал жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалына байланысты 2009 жылы бұл көрсеткіш біршама (36%) төмендесе, 2010 жылы Ресейдің ТМД елдерімен арадағы сауда көлемі бұрынғы деңгейіне қайта көтерілді.

Федералды кеден қызметінің мәліметтеріне сәйкес 2011 жылдың бірінші жартысындағы Ресейдің ЕурАзЭҚ-қа кіретін елдермен сыртқы сауда айналымы 38,6%, ал Кеден одағына кіретін елдермен айналымы – 41,3%, яғни РФ басқа шетелдік елдермен сауда айналымының өсіміне сай 2,7 және 5,2 пайызға басып озған [3].

Ресей Өнеркәсіп және сауда министрілігінің басшысы В. Христенконың пікірінше, Кедендік одақтың құрылуы оның мүшелері арасындағы тауар айналымының өсіміне айтарлықтай ықпал етті. Ол 2011 жылдың 19 қазанында Петербор қаласында өткен Кеден одағының үкімет басшылары деңгейіндегі жоғары органы мен ЕурАзЭҚ-тың Мемаркеңес отырысында: «2011 жылдың қорытындысы бойынша үш мемлекет өзара тауар айналымының 100, тіпті 110 млрд доллар көлеміне еркін шығады. Бұл ауқымды көрсеткіш» – деп атап өтті. Айтылған ойды жинақтай келе, ТМД елдерінің өзара тауар айналымының көлемінің айтарлықтай өсім көрсетуі негізінен бұрындары болған сауда, өнеркәсіптік, технологиялық және басқа да іскерлік байланыстарды қалпына келтіру нәтижесінде орын алғандығын атап өту қажет. Бұл әсіресе көршілес орналасқан облыстар мен аймақтардағы тауар өндірушілердің шекаралық және аймақаралық саудасы негізінде жүргендігін, ал Кеден одағы мәселесінде бұған ұйымға мүше елдердің өзара жасасқан келісімдері барынша қолайлы жағдай жасағандығы белгілі.

Екіншіден, КО қарсыластары оның мүшелерінің мүдделеріндегі жеке және жалпы мәселелер бойынша, белгілі-бір тауарлар немесе тауар топтары бойынша саудаға байланысты, және де шаруашылық жүргізудің нақты бір саласындағы, мысалы жанармай-энергетикалық саладағы ынтымақтастық мәселелері бойынша айтарлықтай айырмашылықтардың болуына назар аудартады.

Өкінішке орай, шындығында да бұрындары айтылып және жазылып жүргеніндей Кедендік одақ өзінің әрекет ете бастаған кезінен бастап-ақ әртүрлі ұлттық және топтық мүдделерге қатысты көтерілген айтарлықтай салмақты мәселелерге келіп тірелді. Бұл мәселелер негізінен Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жиырма жыл ішінде оған кірген ұлттық республикалардың егемендік жылдарында бір-бірінен барынша алшақтап кеткендігінен туындап отыр. Оларда өзіндік мүдделері бар шаруашылықтық топтар қалыптасып үлгерді, ал олардың мүдделері кейбір жағдайларда ұлттық мүддемен сәйкес келмейтін еді. Мысалы, олар көп жағдайларда бұрынғы кеңестік республикалармен интеграциялық байланыстарды дамытуды өздері

үшін басымдық деп санамайтын (санамайды да), өйткені олардың назары көп жағдайда басқа мемлекеттерге, мысалы, Еуропалық одаққа бағытталған.

Жоғарыда аталынған ұлттық қайшылықтарды және осы уақытқа дейін қалыптасып қойған топтық шаруашылықтық мүдделердегі қайшылықтарды жою – өте күрделі мәселе, бұл сұрақтың шешімін шығаруда асығыстық жасауға болмайды және де оны өз бетінше де жіберу де дұрыс емес.

Сондықтан да оның мүшелері арасындағы ұстанымдардың өзара тиімді түрде үйлестілуіне және барынша тиімді шешімдер табуға қол жеткізу маңызды, бірақ та, асығыстық жасап, бірнеше кезеңдерден атап өтуге немесе насихаттық нәтижелерге жету үшін нақты қортындыларға зиян келтіруге болмайды.

Кедендік одақтың әрекет етуінің алғашқы кезеңі көрсетіп отырғанындай, шаруашылықтық өзара әрекеттестіктің тиімді түрлерін іздестіру мен өзара қолайлы ымыраға келуге мүше-мемлекетер дайын.

Үшіншіден, Кедендік одаққа қатысты келесі бар наразылықтардың бірі – оның құрылуы одақ мүшелерінің ДСҰ кіру жолындағы айтарлықтай күрделі кедергілердің біріне айналады деген мәселемен қорытындыланады.

Бірақ, Ресейдің одаққа кіру туралы өз өтінішін 1993 жылы бергендігі белгілі, ол кезде Ресей, Қазақстан және Белоруссия арасындағы қазіргі Кедендік одақ туралы сөз жоқ еді. Соған қарамастан Ресейдің ДСҰ-ға кіруі сол кезде де, одан кейінгі 18 жыл ішінде де жүзеге аспады. Тіпті де, АҚШ пен басқа да батыстық мемлекеттердің Мәскеудің ДСҰ-ға кіруіне қатысты ізгі мәлімдемелеріне қарамастан, олардың тарапынан экономикалық жеңілдіктер сұраған түрлі жаңа талаптар түсіп отырды. Ал Грузия болса Ресейдің ДСҰ-ға кіруі мәселесіне мүлдем шектеу қойып, бұл мәселе Грузияның Абхазия мен Оңтүстік Осетия шекарасының кедендік дәрегейі қайта қаралған жағдайда ғана шешімін табатындығын жариялады. Бірақ, жаһандық дағдарыстың екінші толқынының жақындай түсуі батыс елдерінің ресей нарығына деген қызығушылықтарын арттырып, Ресейдің ДСҰ-ға кіруі мәселесіндегі қысымдарының бәсеңдеуіне алып келді. Сонымен бірге олар 2011 жылдың қарашасында Грузияның Абхазия мен Оңтүстік Осетия шекарасындағы кедендік бақылау мен мониторинг мәселесінде де ымыраға келуге қол жеткізіп, Тблсидің Мәскеуді ДСҰ-ның мүшесі ретінде көргісі келмеген негізгі себептердің бірін жойды. Нәтижесінде Ресей Федерациясы жақын уақыттарда ДСҰ мүшелігіне қабылдануы мүмкін. Жалпы, бұл мәселе Ресей, Белоруссия және Қазақстан арасындағы Кедендік одаққа ешқандай қатысы жоқ.

Сонымен бірге Кедендік одақтың қарсыластырының аргументтерінде біршама мекерлік те бар, өйткені Ресей де, Қазақстан да, Белоруссия да бастапқы кезден-ақ ДСҰ мүше болуға талпыныстарын ашық түрде жариялаған болатын. Осыған қатысты В. Путин: «Кедендік одақтың ішкі кедергілерін алу арқылы біз КО сыртқы шекарасында еңсерілмейтін кедергілердің пайда болуына ешбір жағдайда жол бермейміз. Керісінше, негізгі мақсат ретінде біздің елдердің мүмкіндіктерін біріктіру арқылы олардың жаһандық экономикаға барынша тиімді және үйлесімді кірігуін

қарастырамыз, қайталап айтамын, негізгі мақсат – жаһандық экономикадан тасалану емес, экономикаға кірігу», - болып табылады деп мәлімдеді [4, 4 б.]. Сондықтан да, КО мүше-мемлекеттері бастапқы кезден-ақ Кедендік одақ (кейін Біртұтас экономикалық кеңістік) ДСҰ қағидалары мен ұстанымдары негізінде құрылатындығы туралы келісімге келді.

Қазақстан-2050 Стратегиясында жалпы көлемді алатын экономикалық прагматизм жаңа бағыттың экономикалық саясатының мәні ретінде анықталған. Ол мыналарға негізделеді:

- Ұзақ мерзімді қарым-қатынастар мен экономикалық мақсатты бағытталғандық көзқарасы тұрғысынан экономикалық және басқарушылық шешімдердің барлығын қабылдау;

- Қазақстан тең құқықты бизнес – партнер ретінде қатыса алатын жаңа нарықтық аймақты анықтау. Экономикалық өсудің жаңа нүктелерін құру;

- Экономикалық потенциалды арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық климат құру. Пайдалылығы мен инвестициядан қайтарылуы;

- Экономиканың тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік – жеке серіктестігін дамыту. Экспортты мемлекеттік ынталандыру [5, 1 б.].

Бұндай түсінікті ескере отырып прагматизм жөнінде мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асырудың философиясы ретінде айтуға болады, оны кең мағынадағы прагматизм деп атайды, ал халықаралық деңгейде келісімшарттарға қол жеткізу мен инициативаларды қолдау, нақты шешімдерді қабылдау тактикасы ретінде тар мағынадағы прагматизмді айтайды. Прагматизм принциптерінің пайда болу деңгейлерінің шартты бөлінуі мәліметтеріне сүйене отырып, қазақстандық – ресейлік қарым – қатынастарды қарастыруға болады.

Серіктес ретінде Ресейдің маңызы қандай? Ресей – ол:

- Әлемдегі ең ірі аумақты алып жатыр ( әлемдік құрлықтың 11,5%), халық саны бойынша әлемде тоғызыншы орында.

- Дүниежүзілік банк мәліметтері бойынша әлемнің бесінші экономикасы немесе ДСҰ мәліметтері бойынша 8 орында. Еуропаның бірінші немесе екінші экономикасы. Барланған қоры бойынша (әлемдік 25%-ы) және табиғи газ экспорты бойынша (әлемдік 15%-ы) ірі елдердің қатарына жатады, шикі мұнай экспорты бойынша екінші орында.

- Әскер саны бойынша әлемде бесінші орында, әлемдегі ең ірі ядролық арсенал, қару-жарақ әлемдік экспортының 17%-ын алады.

Ресейдің Қазақстан үшін серіктес ретіндегі бірегейлігі әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекараның болуы және екі мемлекет аймағындағы ірі этникалық диаспоралардың болуы және т.б. факторлардың бірігуімен қалыптасады. Қазақтар Ресейдің түрік этностарының саны бойынша татар, башқұрт және чуваштардан кейінгі төртінші орында және елдің барлық этностарының арасында оныншы орында орналасқан (647732 адам. (0,47%) 2010 ж. халық санағы бойынша) . Барлығы Ресейде 204 этнос өкілдері тұрады. Қазақстандағы орыс халқының саны шамамен 4 млн. адам. (3793,8 мың. адам). Орыс этносы елдегі қазақтардан кейінгі халық саны бойынша екінші

орында. Этникалық орыстардан басқа республикада Ресейдің түпкі этностары болып саналатын этностар тобының өкілдері де тұрады, мысалы, меншікті салмағы қазақстандықтардың жалпы санының 1,3% құрайтын татар ұлты. Бұдан басқа, Солтүстік Кавказ және т.б. этникалық топтарының өкілдері бар.

Екі мемлекет те көп ұлтты және поликонфессионалды болып табылады. Екі мемлекетте де дінді ұстанушылар саны бойынша басыңқы дін ислам және православие болып табылады. Қазақстанда 70,2 % халық өздерін мұсылман деп санайды, ал Ресейде 6,5%. Православие ұстанатындар 26,2 % қазақстандықтар және 41% ресейліктер [6, 2 б.].

Тағы да бір маңызды фактор екі елдің ортақ тарихи өткенінің болуы. Бұдан басқа, екі жәйтті атап өткен жөн.

Біріншіден, Ресей жұмсақ күштерінің әртүрлі механизмдерін қолдана отырып қазақстандықтардың көзіне толықтай позитивті имиджін сақтай білді. Мысалы, былтырғы жылғы сауалнама бойынша, Еуразиялық монитор мәліметтері бойынша қазақстандықтардың 73%-ы КО және ЕЭК шеңберіндегі интеграцияға оң көзқараста, ал қиын сәтте қай елге арқа сүйеуге болады деген сұраққа қазақстандық респонденттердің 83% - ы Ресейді көрсеткен.

Екіншіден, әлемдік күштер орталығының диверсификациясы тенденциясын және көп полярлы әлем қалыптастыруды көрсететін әлемдік күштердің заманауи геополитикалық және геоэкономикалық бөлінуін ескере отырып, бұл үдеріс әрдайым достық атмосферада жүргізілмейді, Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылықтың сақталуына Ресей тәрізді қызығушылық танытатын елдер аз. Ол сыртқы саясат және ішкі саясат қауіпсіздігіне байланысты.

Осылайша, Қазақстандағы сыртқы саясатты жүзеге асырудың философиясы ретіндегі прагматизм деңгейінде Ресеймен жан-жақты өзара пайдалы қарым-қатынасты қолдау және арттырып отыру мүмкіндігі фактілері ұзақ мерзімді мемлекет мүддесі болып табылады.

Екі ел арасындағы өзара қарым –қатынасты жүзеге асыру тактикасы ретіндегі прагматизм деңгейінде алғашқы кезекте екі жақты қатынастарды реттейтін кең нормативті –құқықтық базаның болуын атап өтуге болады. Ол шамамен 300 келісім мен келісімшарттар. Негізгі құжат ретінде 1992 жылдың 25 мамырындағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек беру туралы Келісім және ратификация сатысындағы ХХІ ғасырдың 2013 жылы қабылданған тату көрші және одақтастық туралы Келісімі алынады. Осылайша, базалық деңгейде мемлекет ынтымақтастықтың пайдалы болуына барлық жағдайлар жасады деп айтуға болады. Бірақ келісімшарттарды практикалық жүзеге асыру процестерін деталды талдау барысында кейбір мәселелер туындайды. Мысалы, сауда – экономикалық және инфестиялық ынтымақтастық екі жақты қарым – қатынастың түйіні ретінде көрсетіледі. Тауарлық айналым көрсеткіштері позитивті динамиканы көрсетеді, көрсеткіштердегі жалғыз құлдырау 2009 жылы байқалған. Соған қарамастан екі елдің тауар айналымындағы артықшылық қазақстандық тауар жеткізушілердің көлемінен

3 есе артық жіберілетін Ресейден келген тауарларға тиесілі. Ол мемлекет экономикасының әртүрлі салмағын ескере отырып, абсолютті көрсеткіштер деңгейінде толықтай түсіндіріледі. Салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы бағаланған кезде, мәселе нақты көрінеді. 2013 жылы 2012 жылға карағанда Ресейге экспорт 5,4%-ке төмендеді. Керісінше, Ресейден келетін импорт 2013 жылы 4,3%-ке артты [7]. Өз кезегінде 2012 жылы 2011 жылға карағанда Ресейге экспорт 11,4%-ке төмендеді, ал импорт 5,1%-ға артты.

Басқа мәселе тауар айналымы құрылымында отындық-энергетикалық өнеркәсіптің, минералдық шикізаттың және өнімдердің басым болуы болып табылады. Ол қандай да бір деңгейде жалпы мемлекеттік деңгейдегі ситуацияны бағалау кезінде түсіндіруге болады, бірақ шекаралық ынтымақтастық туралы сөз қозғағанда таңданыс тудырады. Аймақ аралық және шекаралық ынтымақтастықты саяси қолдаудың қазіргі деңгейінде экономикалық әрекеттесу мен тауар айналымы құрылымының үлкен диверсификациясын күтуге болады. Соған қарамастан, шекаралық экспорттың көп үлесі екі аймаққа - Тюмень облысы (ресейлік шекара экспортының жалпы көлемінің 50%) және Атырау облысы (қазақстандық шекара экспортының жалпы көлемінің 75%) аймақтарына келеді [8, 11 б.]. Бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі ШОБ кәсіпорындарының жұмыс қабілеттілігі мен қалыпты жұмыс істеуінің тиімділігі тәуелді болатын көліктік – логистикалық инфрақұрылымның дамымағандығы және соған сәйкес сервистің болмауы болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі көліктік және басқа да инфрақұрылым, Қазақстан мен ресейдегі өндірістік күштердің географиялық орналасуы мен бөліну жүйесі кеңес заманында қалыптастырылды және соңғы жылдары ешқандай өзгерістер болмады. Саяси аймаққа келер болса, мемлекеттердің сыртқы саяси амбициясының әртүрлі салмақтылығына баса назар аудару керектігі айтылады. Ресей жаһандық кеңістіктің маңызды ойыншысы ретінде күштердің әлемдік орталығының бірі болу статусына үміткер. Бұл кезде тәжірибелер көрсеткендей, ол әлемдік бәсекелестік күрес шеңберінде, сонымен қатар қатал конфронтация жағдайларында да өзінің позициясын ұстануға әзір. Бұндай әдіс Қазақстан үшін көп векторлық саясатын жүзеге асыру барысында белгілі бір жағдайлар мен тәуекелдерді туғызатындығы белгілі. Бұдан басқа, салмақты және көп векторлы саясат Қазақстанға басқа елдермен қарым – қатынаста саяси – дипломатиялық әрекеттер үшін кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, соның ішінде өзінің сыртқы политикалық қызметінде прагматизмге бағытталған Ресеймен де байланыс кіреді. Екі жақты қатынастарды гуманитарлық өлшеу шеңберінде ақпараттық құраушылары әрқашан маңызды орында болды. Өкінішке орай, Қазақстан ақпараттық өрісте біршама деңгейде Ресейден қалып келе жатыр. Ол ел тұрғындарының көрші туралы ақпараттануы және сауда – экономикалық аймақта әртүрлі инициативаларды қолдаудағы белсенділігіне байланысты. Қазақстан үшін Ресей ірі сауда серіктесі болып табылады, ал Қазақстан ресейлік сыртқы сауданың жалпы балансында 11 орында тұр .



Түсіндіруді талап ететін қызықты жәйт – ақпараттық өрісте еуразиялық интеграция екі жақты қазақстандық – ресейлік қатынастарды толық қамтиды.

Екі жақты ынтымақтастықтың өзекті және перспективті бағыттарының бірі ақпараттық технологиялар болып табылады. Бұл бағыт инновациялық экономика, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында да Қазақстанның алдында тұрған міндеттер қатарын шешуге мүмкіндік береді.

Міне, қазіргі сыртқы саяси үдерістердегі ЕЭО құру арқылы Орталық Азия мемлекеттерінде жаңа интеграцияның табалдырығын қалыптастыру арқылы, Ресей аймақта мүлде жаңа басым бағыттарға ие болатын стратегиялық бағдарға келе жатқанын сараптауға болады.

### Әдебиеттер

1 Қырғызстанның ЕАЭО-ға қосылуы туралы құжатқа қол қойылды: - Режим доступа: URL: [news.nur.kz/346516.html](http://news.nur.kz/346516.html) - (дата обращения: 21.02.2015).

2 Соглашение о Таможенном союзе от 20 января 1995 года: - Режим доступа: URL: [www.tsouz.ru/](http://www.tsouz.ru/) - (дата обращения: 15.02.2015).

3 Договор о создании единой таможенной территории и формировании Таможенного союза от 6 октября 2007 года: - Режим доступа: URL: [www.tsouz.ru](http://www.tsouz.ru) - (дата обращения: 12.02.2015).

4 Лаумулин М.Т. Геополитика в Центральной Азии и безопасность Республики Казахстан: автореф. дис. ... д. полит. наук. - Алматы, 2003. - 50 с.

5 Первый форум по проблемам безопасности и сотрудничества в Центральноазиатско-Каспийском регионе: материалы Форума, 25.08.2008. – Алматы: Ин-т мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, 2008. - 187 с.

6 Сотрудничество и безопасность в Центральной Азии: состояние и перспективы.- Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. - 308 с.

7 Стратегия национальной безопасности США: новая эра // Внешняя политика США, электронная версия журнала госдепартамента США - Т.7. - № 4: - Режим доступа: URL: [www.usinfo.state.gov](http://www.usinfo.state.gov) - (дата обращения: 25.02.2015).

8 Мырзабекова Р.С. Ресейдің Шығыстық саясатындағы Орталық Азия: мәселенің тарихы мен халықаралық астарлары (XIX-XXI ғасыр басы) // Қоғам және дәуір. – 2010.

**Адилханулы Н.,**  
к.полит.н., доцент, КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
**Мұратбекқызы С.,**  
магистрант 2-го курса, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
samal.muratbekkyzy@gmail.com, Алматы, Казахстан

**Новое направление России в создании Евразийского  
экономического союза в Центрально-Азиатском регионе**

В этой статье говорится про новое направление России в создание Евразийского экономического союза в регионе Центральной Азии. Кроме того, интеграционные процессы на территории бывшего Советского Союза.

Особенно торгово-экономического и инвестиционного сотрудничества между Казахстаном и Россией. Нынешние процессы внешней политики за счет создания ЕЭС в странах Центральной Азии Россия продвигает свои новые приоритеты и стратегические направление в регионе.

**Adilkhanuly N.,**  
Candidate of political sciences, associate professor, Chair of Regional Studies,  
Kazakh Ablai Khan University of international relations and world languages,  
**Muratbekkyzy S.,**  
Undergraduate student 2<sup>nd</sup> course, Chair of Regional Studies, Kazakh Ablai Khan  
University of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan  
samal.muratbekkyzy@gmail.com

**A new direction in Russian creation of the Eurasian  
Economic Union in Central Asia**

This article is about the new direction of Russia in the creation of the Eurasian Economic Union in Central Asia. Integration processes in the former Soviet Union, especially in trade, economic and investment cooperation between Kazakhstan and Russia. The current processes of foreign policy at the expense of creation of the EEU in the countries of Central Asia, Russia promotes its new priorities and strategic direction in the region.

УДК 338

**Уакбаев Ш.У.,**

магистрант 1 курса специальности «Регионоведение»,  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

## **ТУРИЗМ КАК ФАКТОР РЕГИОНАЛЬНОГО И МЕЖРЕГИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ**

В статье описывается, что перспективным фактором развития экономики регионов является сфера туризма, под которой понимается не только собственно туристская деятельность, но и весь связанный с ней комплекс отраслей и видов труда. Туризм как социально-экономическое явление сочетает в себе рыночные аспекты экономических связей и социально-ориентированные цели развития общества. В настоящее время туризм является одной из наиболее динамично развивающихся и высокодоходных отраслей мировой экономики, выступает одним из важнейших факторов социально-культурного развития соответствующих территорий. Туризм, с одной стороны, развивается на основе увеличения свободного; времени, повышения качества жизни населения, роста сферы услуг в целом, а с другой – является мощным катализатором развития регионального хозяйственного комплекса.

Развитие сферы-туризма стимулирует формирование сопряженных отраслей, способствует росту уровня, жизни населения регионов, созданию рабочих мест, увеличивает доходы в экономике и бюджете региона, способствует сохранению природного и культурного наследия. Поэтому одной из задач региональных органов управления является разработка комплексных программ развития сферы туризма как составляющей и фактора роста регионального социально-экономического комплекса.

Наличие богатого культурного и природного потенциала позволяет региону завоевать серьезные позиции на мировом туристском рынке, но при обязательном условии - проведении активной региональной политики в области развития туризма.

*Ключевые слова:* туризм, регион, межрегиональный, сотрудничество, микрорегион, макрорегион, социально-экономический, мировая экономика

Туристский регион – это территория, которая обладает общностью различных туристских ресурсов (маршрут, этнические, исторические, религиозные, архитектурные). Это внутринациональная категория, внутри конкретной страны, часть субъекта Федерации, район, который охватывает несколько мероприятий

Различают микрорегионы – относительно небольшие территории, которые характеризуются какой-либо общностью признаков, и макрорегионы – регионы, охватывающие несколько различных территорий, стран

Системный экономический анализ и моделирование процессов регионального туризма. Решение экономических задач требует осуществления экономических исследований регионов. Базовым звеном таких исследований являются схемы экономического развития туристской сферы территорий. В них содержится ретроспективный анализ туристской региональной экономики, который может охватывать период 15 лет. В системном анализе содержатся оценки общего регионального развития: хозяйства региона, уровня природопользования, степени реализации основных производственно-экономических и социальных программ, динамики состава и уровня жизни населения и др., а также оценки развития сфер туристского комплекса в данном регионе [1].

Принцип системного анализа экономики регионального туризма предполагает: четкую формулировку конкретной региональной проблемы туризма, выявление целей и нахождение эффективных методов ее решения.

Модели экономических задач функционирования отраслей регионального туризма основываются на следующих принципах:

-социально-экономические факторы конкретного региона рассматриваются как составная часть общегосударственного комплекса;

-социально-экономические факторы туризма конкретного региона рассматриваются как составная часть регионального комплекса;

-региональная экономическая модель туризма корректирует общероссийские модели на данной территории, увязывая ее в единый территориальный комплекс государства;

-региональная экономическая модель туризма органически связана с общегосударственной экономико-математической моделью и является ее проекцией на конкретную территорию (на экономический район, регион и т.д.).

Основные этапы системного анализа региональной экономики – постановка цели и разработка модели.

1) цель исследований экономики регионального туризма идентична цели территориальной организации страны в целом. Это поэтапное создание высокоэффективного, гармоничного территориального отраслевого хозяйства – региональной туристской сферы. Основное содержание цели заключается в следующем:

-рациональное размещение отраслей туристской сферы в экономическом регионе;

-целенаправленное формирование определенного «лица» туристского экономического региона;

-построение оптимальной сети туристских отраслей, взаимоувязанных с остальными отраслями хозяйства региона.

2) Разработка экономико-математических моделей региональных экономических процессов включает:

-моделирование этапов социально-экономического развития туристской сферы в целом по региону на перспективу;

-моделирование размещения туристских производительных сил в их объемных пропорциях и во времени;

-корректировка шкалы налогообложения в региональной туристской сфере;

-разработки региональной инвестиционной политики в сфере туризма;

Очевидно, что успешность туристической деятельности региона (т.е. деятельности по принятию отечественных и иностранных туристов на своей территории) зависит от экономического уровня в целом, от того как развита инфраструктура, насколько высок уровень жизни в регионе и множества других факторов. Определяющее значение в развитии региона имеет проводимая по отношению к нему государственная политика, способная своевременно выявить проблемы данного региона, определить причины этих проблем и создать верную программу, которая позволила бы скорректировать недостатки и реализовать перспективы развития региона [2].

Международный туризм как фактор регионального развития

Экономгеографы всегда интересовались вопросами о факторах размещения и развития производительных сил. На разных исторических этапах выделялись различные по степени значимости факторы регионального развития.

Еще в 1980г. известный польский географ А. Ягельский, анализируя факторы размещения населения, писал, что «в современном размещении населения мира можно выделить три основных фактора этого процесса». «Первый, в котором роль природной среды достаточно велика, — указывает А. Ягельский, — охватывает размещение людей, занятых сельскохозяйственным трудом. Примитивные сельскохозяйственные цивилизации, использующие разливы рек или пользующиеся речными водами с помощью ирригационных систем, оставили прочный след в виде больших сгущений населения в долинах и устьях рек Янцзы, Хуанхэ, Меконга, Ганга, Нила и По». Вторым, по мнению А. Ягельского, фактором размещения населения является размещение промышленности. С начала XIX в. главную роль стали играть промышленные предприятия, особенно в тяжелой промышленности, возникшие в районах, где имелись железная руда и уголь. Они определили размещение населения в Центральной Англии, Вестфалии, Лотарингии, Верхней Силезии, северо-восточных штатах США. Третий фактор размещения населения — огромный рост международной торговли и морских перевозок — стал причиной формирования крупных портовых центров и многочисленных более мелких скоплений населения в приморских районах многих стран мира. И здесь А. Ягельский говорит о появлении нового в тот период фактора — развития рекреационных центров на побережьях (Средиземного и Черного морей, Флориды, Калифорнии) и тенденции оседания богатых людей из разных стран в ряде районов (Ривьера, Гренада, Валенсия, острова Карибского моря и др.). Однако еще гораздо раньше было подмечено, что туризм можно использовать как фактор

развития отдельных территорий. В этой связи характерен пример, касающийся освоения архипелага Бриони (Хорватия) в Адриатическом море. В конце XIX в. австрийский предприниматель П. Купелвайзер (Хорватия в тот период была частью Австро-Венгерской империи), оценив перспективы развития туристической деятельности, приобрел в собственность архипелаг и решил создать там престижный курорт для высшей аристократии. Начиная с 1893 г. П. Купелвайзер проводит широкомасштабную программу по рекреационному обустройству островов. На архипелаге приводятся в порядок парки, каменоломни, созданные еще в эпоху Древнего Рима, создаются прогулочные аллеи. Для уничтожения малярии приглашается известный бактериолог, впоследствии лауреат Нобелевской премии Р. Кох, по указанию которого засыпают местные болота. На острова с континентальной части полуострова Истрия проводится водопровод, строится почта, организуется телефонная связь. К 1913 г. на архипелаге были построены четыре отеля общей вместимостью более 300 номеров. Результаты не заставили себя долго ждать. В начале XX столетия Бриони становится престижным европейским курортом для высшей аристократии. Сюда приезжают высокопоставленные гости из Европы и других стран, такие, как германский император и прусский король Вильгельм II, лауреат Нобелевской премии писатель Томас Манн. Бриони становится местом, посещение которого повышает престиж в обществе высшего света [3].

В настоящее время рекреационный фактор оказывает существенное влияние на территориальную и отраслевую структуру хозяйства многих районов и стран. Как уже отмечалось выше, в некоторых странах доходы от туризма стали определяющей статьёй ВВП. Туристическая деятельность оказывает мультипликативный эффект, стимулируя развитие других отраслей.

Выделим и рассмотрим более подробно направления влияния туристической деятельности на социально-экономическое и региональное развитие.

На сегодняшний день можно обозначить следующие проявления туризма как фактора регионального развития:

- развитие проблемных районов (отсталых и депрессивных, сельских, приграничных, нового освоения); развитие морских и речных бассейнов;
- стимулирование экономической интеграции и глобализации.

Туризм как фактор развития отсталых и депрессивных районов.

Появление отсталых и депрессивных районов можно объяснить многими причинами. Одни из таких районов находятся в беднейших развивающихся странах и характеризуются нищетой и социальными проблемами местного населения. Другие оказываются под влиянием структурной перестройки экономики относительно развитых стран, когда отрасль специализации района начинает испытывать кризис вследствие появления более прогрессивных отраслей, производящих товары-субституты. Например, энергетика постепенно переходит от угля к использованию нефти, газа и

альтернативных источников. В любом случае, попав в фазу кризиса, район должен искать альтернативы для развития.

Выравнивание уровней регионального развития и стимулирование развития отсталых и депрессивных районов является неотъемлемым элементом социально-экономической политики цивилизованных стран. Так, одной из статей расходов совместного бюджета стран ЕС являются расходы на выравнивание уровней регионального развития. В 1975г. был создан Европейский фонд регионального развития для финансирования программ по выравниванию уровня экономического развития различных регионов Сообщества. К числу таких экономически отсталых (по меркам ЕС) стран и регионов относятся Греция, юг Италии, Португалия, Испания, Ирландская республика и Северная Ирландия.

Чтобы исключить произвольный подход при распределении финансовых средств, в ЕС разработана система индикаторов для выделения отсталых регионов – показатели уровня безработицы, доход на душу населения, удельный вес продукции сельского хозяйства и депрессивных отраслей промышленности в ВВП.

Европейский фонд регионального развития оказывает финансовую помощь проблемным регионам в строительстве новых промышленных объектов, создании новых рабочих мест. В последние годы в структурной политике Сообщества преимущественное развитие получает селективный подход, направленный на стимулирование деятельности конкретных компаний. Суть данного подхода состоит в признании, что только частный бизнес может эффективно решать вопросы подъема депрессивных регионов, причем не путем строительства крупных промышленных предприятий, а главным образом за счет малых и средних предприятий передовых отраслей. Кроме Европейского фонда регионального развития (ЕФРР) решению региональных проблем должны содействовать и другие социальные институты – Европейский социальный фонд (ЕСФ), Европейский фонд ориентации и гарантии сельского хозяйства (ЕФОГА), Фонд (финансовый инструмент) содействия рыболовству. Следует отметить, что в последние десятилетия в европейской региональной политике, безусловно, присутствует туристическая составляющая. Для поддержания туристической индустрии могут применяться такие финансовые инструменты, как дотации из европейских фондов, займы Европейского инвестиционного банка.

Туристическая индустрия может использовать финансовую помощь для целей обучения и повышения квалификации персонала, так как возрастающие запросы гостей увеличивают потребность в квалифицированной рабочей силе. ЕС может оказывать помощь сельскохозяйственным регионам, а часто именно они являются структурно слабыми, в поиске дополнительных рабочих мест. Напомним, что аграрный туризм сейчас относится к числу популярных видов туризма в Европе. Средства на эти цели, в частности, может выделить Европейский фонд ориентации и гарантии сельского хозяйства.

В ЕС реализуется так называемая Интегрированная программа по Средиземноморью, в рамках которой помощь в строительстве и реконструкции туристической инфраструктуры воспользовались туристические регионы Южной Италии, Южной Франции и Греции. Однако финансовый вклад ЕСФ и ЕФОГА в общую помощь структурных фондов, направляемых на потребности туризма, пока незначителен — соответственно 5% и 9% в общем объеме помощи. Доля ЕФРР составляет 80% общего объема помощи туристским регионам. Европейский инвестиционный банк был создан для поддержки кредитами и займами инвестиционных намерений структурно слабых регионов. Помощь такого рода направлялась в туристические регионы и использовалась главным образом малыми и средними отелями. Известно, что помощь банка способствовала росту туристической привлекательности всей сети исторических городов Европы. Она направлялась на создание тематических парков, повышение качества виды, уменьшение отходов, защиту побережья, лесных массивов. Все это способствовало росту туристической привлекательности отдельных местностей. Кроме рассмотренных выше финансовых инструментов в ЕС для стимулирования развития туризма реализуются так называемые инициативы, которые называются программами действия. Ряд программ сочетает решение региональных проблем и развитие туристической деятельности.

Таким образом, в странах Европейского Сообщества туризм рассматривается как важная альтернатива экономического роста отсталых и депрессивных районов и поддерживается на наднациональном уровне.

В развивающихся странах также осознают преимущества, связанные с развитием туризма, в частности для отсталых районов. Однако чаще всего здесь отсутствует скоординированная региональная политика, в том числе и в области туризма. Поэтому преимущества от развития туристической деятельности используют в основном органы местного самоуправления в виде взимания дополнительной платы с иностранцев с целью решения локальных проблем [4].

### Список литературы

- 1 Балабанов И.Т. Экономика туризма: Учеб. пособие. - М.: Финансы и статистика, 2003. - 176 с.
- 2 Здоров А.Б. Экономика туризма: Учеб. - М.: Финансы и статистика, 2004. - 272 с.
- 3 Ковынева Л.В. Региональный туризм: монография. - Хабаровск: Изд-во ДВГУПС, 2005. - 111 с.
- 4 Экономика и организация туризма. Международный туризм: Учеб. пособие для вузов / под ред. И. А. Рябовой, Ю.В. Забаева. - М.: КноРус, 2005. - 576 с.



**Уақбаев Ш.У.,**

1-інші курс, «Аймақтану» кафедрасының магистранты, Абылай хан атындағы  
ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

### **Туризм аймақтық және аймақаралық даму факторы ретінде**

Бұл мақала аймақтық экономиканы дамыту үшін болашағы бар фактор туристік қызметті ғана емес, түсінікті туризм, сондай-ақ өнеркәсіп және жұмыс түрлерін барлық байланысты жиынтығы екенін сипаттайды. Әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде Туризм нарығы экономикалық қатынастардың аспектілері мен қоғамның әлеуметтік-бағдарланған даму біріктіреді. Қазіргі уақытта, туризм ең тез және әлемдік экономиканың жоғары рентабельді салалардың бірі болып табылады, аумақтарды әлеуметтік-мәдени дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Туризм, бір жағынан, тегін арттыру негізінде әзірленген; уақыт, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, жалпы, және басқа да қызмет көрсету секторының өсуі - аймақтық экономикалық кешенін дамыту үшін қуатты катализаторы болып табылады.

**Uakbayev Sh.,**

Undergraduate student 1st course, Specialty “Regional Studies”, Kazakh Ablai  
Khan University of international relations and world languages, Almaty,  
Kazakhstan

### **Tourism as a factor of regional and interregional development**

This article describes that a promising factor in the development of the regional economy is tourism, which is understood not only the tourist activity, but also all the associated range of industries and types of work. Tourism as a socio-economic phenomenon combines market aspects of economic ties and people-centered development goals of the society. Currently, tourism is one of the most dynamic and profitable sectors of the global economy, is one of the most important factors of socio-cultural development of the respective territories. Tourism, on the one hand, develops on the basis of increased leisure; time, improve the quality of life of the population, growth of service sector in General, and on the other, is a powerful catalyst for the development of regional economic complex.

УДК 327 (574)

**Рахманова Г.Б.,**

т.ғ.к., доценті, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
omine08@mail.ru

**Сейдикенова А.А.,**

2 курс магистранты, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
aiko-10.03.91@mail.ru, Алматы, Қазақстан

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Бұл мақалада Қазақстанның аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшейту міндеті шеңберінде белгілейтін басымдықтары жөнінде сөз қозғалған. Қазақстанның бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған интеграциялық құрылымдармен ынтымақтастығы және олардың Қазақстан үшін маңыздылығы туралы да біраз ойлар айтылған.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясының мақсаты және ондағы Елбасы белгілеген маңызды бірқатар мәселелер қарастырылған. Қазақстан қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздік саласындағы барлық негізгі келісімдердің толық құқықты қатысушысы болып табылатындығы жайлы айтылған.

*Түйін сөздер:* Қазақстан, ядролық қару, халықаралық қауіпсіздік, прагматизм, экстремизм, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, САҚҰ, интеграция

Егемен Қазақстан тәуелсіздіктің 20 жыл ішінде ядролық қарудан бос әлем, ұлтаралық және конфессияаралық диалогты жақтау арқылы халықаралық аренада елеулі жетістіктерге жетті. Халықаралық тәжірибенің негізінде экономикалық және саяси жүйелерді құру, халықаралық ұйымдар қатарындағы белсенді қызмет, төрағалықты қамтығанда Республикаға әлемдік аренада елеулі саяси ықпал мен беделге ие болуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік саласындағы басты басымдықтары мен мақсаттары Президент Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында анықталған, оны жүзеге асыру Республиканың әлемнің дамыған 30 елдің қатарына кіруіне жағдай жасауға бағытталған. Ұлт Басшысының көрсетілген құжатта айтып кеткеніндей, халықаралық жағдай және геосаяси орта қарқынды түрде өзгереді, Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстан Солтүстік-Шығыс Азияға дейін үлкен тұрақсыздық орнаған. Күш балансы жаһандық деңгейде және жер шарының жеке аймақтарында елеулі өзгеріске ұшырауда. Бұған сәйкес БҰҰ, ЕҚЫҰ, САҚҰ, ҰҚКҰ, ШЫҰ, Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары бойынша кеңестері және тағы басқалары сияқты аймақтық қауіпсіздік механизмдерінің рөлі жоғарылауда [1].

2014 жылы 21 қаңтарда Қазақстан Президенті «2014-2020 жылдарды қамтитын Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының Концепциясы туралы» жарлыққа қол қойды. Концепцияда «Қазақстан-2050» стратегиясының негізінде қазіргі реалияларды есепке ала отырып, Қазақстанның сыртқы саяси бағытының мақсаттары, міндеттері және басымдықтары анық жазылған, ұлттық мүдделерді прагматизм принципі бойынша қозғау қажеттілігі айрықша баса айтылған. Берілген құжат тарихта бірінші рет ашық баспада жарияланғанын және оның елде және әлемде жалпақ жұрттың игілігі болғандығын атап өткен жөн.

Мемлекеттің сыртқы саяси бағытын дайындау процесіне бірсыпыра ішкі және сыртқы факторлар ықпал етеді. Маңызды ішкі факторлардың арасында Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы түбегейлі өзгерістер, түрлендірмелі кезеңнің аяқталуы және 2050 жылға дейінгі мемлекеттің жаңа ұзақ мерзімді және тұрақты даму Стратегиясына ауысуы көрсетілген. Сыртқы факторлары ретінде әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың жағымсыз салдарын жеңу қажеттілігі, барлық мемлекеттерді қамтитын қақтығыстар мен қазіргі мәселелердің шиеленісуі, аймақтық және жаһандық деңгейдегі сапалы жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайдың пайда болуы атап көрсетілген [2, 2 б.].

Қазақстанның қарусыздануға, халықаралық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпау тәртібін күшейтуге үлесін ескере отырып, сондай-ақ БҰҰ-дағы белсенді қызметтің 20 жыл ішінде жиналған тәжірибе негізінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2017-2018 жылдарға БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақсыз мүшесінің орнына мемлекет кандидатурасын ұсыну туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ҰҚКҰ, Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалығы мемлекеттің экономикалық қатынастардағы мықты серіктес екендігін дәлелдеді. Мемлекет басшылығының пікірінше, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақсыз мүшенің орны Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатында қоятын міндеттері үшін қызмет етеді, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық саласындағы өзекті әлемдік мәселелерді шешудегі мемлекеттің нақты үлесін одан әрі өсіруге мүмкіндік береді.

Кез-келген мемлекет үшін халықаралық қатынастардағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттің сыртқы саяси бағытын өндіру кезіндегі стратегиялық басымдықтардың бірі болып табылады. Осыған байланысты, ҚР жаңа сыртқы саяси Концепциясында мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін, егемендігін және территориялық тұтастылығын барынша қамтамасыз ету негізгі мақсаттар ретінде белгіленген.

Қазақстан өзін халықаралық қауіпсіздіктің толық қамтылатын жүйесінің ажыратылмайтын бөлігі ретінде ғана санап қоймайды, сондай-ақ бұл жүйенің шеңберінде, егеменді мемлекет ретінде саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа қажеттіліктер жиынтығын басқа мемлекеттерге зарарын тигізбей іске асыруға міндетті.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және аймақта бейбітшілікті сақтаудың маңызды мәселелердің бірі ішкі заңнамалық негізді, халықаралық қауіпсіздік саласындағы жағдайды реттеуге міндетті халықаралық келісімдерді құрайтын тиісті құқықтық негіздің жасалуы болып табылады [3].

Қазақстан аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшейту міндеті шеңберінде мынадай басымдықтарды белгілейді:

- әлемнің барлық елдерімен және олардың бірлестіктерімен достық қатынастарды дамытады;

- БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен принциптерін қолдайды және құқықтың ұлықтылық принципінің мемлекеттер арасындағы саяси диалог пен ынтымақтастық үшін негіз болатын маңыздылығын мойындайды;

- қазіргі кездегі халықаралық мойындалған сөйлесу үлгілері шеңберінде аймақтық және халықаралық қақтығыстарды шешуді жақтайды. Қазақстанның позициясы мемлекеттің егемендігі мен территориялық тұтастығын олардың халықаралық мойындалған шекараларында сақтау туралы, дағдарыстарды реттеу бойынша құжаттарда, ең алдымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің резолюциясында көрсетілген жағдайларды орындау негізінде даулы мәселелерді бейбіт шешу жолдарын іздестіру туралы БҰҰ негізгі принциптеріне негізделеді;

- ядролық қарусыз және жаппай қырып-жою қаруының басқа түрлері жоқ әлемге жету үшін күш салады, таралмау тәртібін күшейту, мұндай қару түрлеріне толықтай тыйым салу және жою, сондай-ақ әлемнің әр түрлі аймақтарында ядролық қарудан еркін аймақтарды құру мақсатында көпжақты механизмдерді дамытуға қатысады;

- жаппай қару шығаруға, қару-жарақтардың жаңа түрлерін жасау мен күшейтуге, соның ішінде ғарышта да дәйекті түрде қарсы шығады;

- қарудың заңсыз айналымына қарсы тұру бойынша халықаралық күшті қолдайды;

- басқа мемлекеттермен бірігіп екіжақты және көпжақты негізде лаңкестік, экстремизм, есірткі заттарының, есуастандырғыш заттардың заңсыз айналымы, адам саудасы және заңсыз миграция, ұйымдасқан қылмыс және жемқорлыққа қарсы тұру бойынша батыл шаралар қолданады [4].

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің бірінші күндерінен бастап интеграциялық процестердің қатысушысы ретінде ғана шығып қоймайды, ол аймақ шеңберіндегі көпжақты мемлекетаралық ынтымақтастықтың қолайлы нұсқалары арқылы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттердің бірігуінің негізгі бастамашысы болып табылады.

Қазақстанның талап етілген бастамаларының бірі 1992 жылы қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Назарбаев Н.Ә. ұсынған, біздің мемлекеттің сыртқы саяси басымдықтары жүйесінде маңызды орын алатын Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары бойынша кеңестерін құру туралы ұсыныс болды. Бүгінгі күні Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары бойынша кеңестері Азиядағы бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ынтымақтастықты күшейту бойынша әйгілі

халықаралық форум болып табылады. Кеңес – бұл Азия және бүкіл әлемдегі бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылықтың арасындағы тікелей байланыстың барын түсінуге негізделген форум. Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары бойынша кеңестері Азияның 90%-ға жуық территориясы мен халқын қамтитын 29 мүше мемлекеттерді құрайды [5, 76 б.].

Қазақстан саяси және гуманитарлық салалардағы өзінің халықаралық міндеттемелерін жүйелі орындау мәселелерінде ашықтығын және барлық мәселелер бойынша диалогқа дайын принципті позициясын ұстанады. Бұған дәлел Республиканың ЕҚЫҰ-ға төрағалығы болды.

Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын басқарудағы ТМД және Орталық Азияның бірінші мемлекеті болды. Қазақстанның басты жетістігі бұл уақытқа дейін 11 жыл өткізілмеген мүше мемлекет басшыларының Саммитін өткізу болды. Онда қабылданған Астана декларациясы Қазақстанның ХХІ ғасырдағы халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жүйелі саясатына қосқан үлесін көрсетеді.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығын және Астана Саммитінің нәтижесін тұтас зерттей отырып, Қазақстан бұл халықаралық ұйымның басшылығында болып өзінің басымдықтарын толықтай жүзеге асырды деуге болады. Президент Назарбаев Н.Ә. ЕҚЫҰ реформалау бағдарламасын, оның Еуразиядағы басқа қауіпсіздік құрылымдарымен күш біріктіруін ұсынды. Сонымен қатар ол үлкен Еуразиялық континенттегі қауіпсіздіктің және ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылау және қарастыруға мүмкіндік беретін екі құрылымның тұрақты диалог алаңы болу мүмкіндігі бар «ЕҚЫҰ – Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары бойынша кеңестері Форумын» құруға шақырды [6, 12 б.].

Орта Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты күшейту мәнмәтінінде Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) сияқты аймақтық интеграция құрылымдарының қызметін жасау мен күшейтуге белсенді қатысады. ШЫҰ салыстырмалы жас қарқынды дамушы құрылым бола отырып, Орталық Азияда жаңа геосаяси кескін үйлесімін жасауға қабілетті. Қазақстанның бұл ұйымға қатысуының өзектілігі және тәжірибелік маңызы бірқатар маңызды жағдайлармен, бірінші ретте ҚР саяси тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етумен анықталады. ШЫҰ-мен ынтымақтастық жасау өмірдің әр түрлі салаларындағы аймақтық қарым-қатынастың маңызды құралы бола отырып, ядролық қаруды таратпау және территориялық мәселелерді бейбіт жолмен реттеу, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшейтуге жағдай жасайды.

2010 – 2011 жылдары Қазақстанның ШЫҰ – ға төрағалығы шеңберінде ұйымның маңызды басымдығы аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшейту болды. Осыған орай, ұйымның ең алдымен жарғылық мақсаттар мен міндеттерді күш әдістері және амалдарымен емес, бейбіт жолмен жүзеге асыруға бағытталғаны ескерілді. ШЫҰ көптеген жергілікті және аймақтық «ыстық нүктелерге», сондай-ақ лаңкестікпен, бөлінімпаздықпен және экстремизммен күрес мәселелеріне белсенді назар аударуға мәжбүр. Қазақстанның төрағалық мерзімінде «Бейбітшіл тапсырма – 2010» атты

лаңкестікке қарсы әскери сабақтар өтті, қауіпсіздік Кеңестері хатшыларының, сыртқы істер министрлерінің, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қорғаныс және ішкі істерінің кеңесі өтті [7, 48 б.].

Қазіргі кезеңдегі аймақтық қауіпсіздік және тұрақтылықты қамтамасыз ету Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдік қауымдастық үшін ең өзекті міндет болып табылады. Қазақстан Республикасы аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халықаралық құқық негізінде жаңа шақырулар мен қауіптерге қарсы тұруға және пайда болатын қауіптерді ерте ескерту және алдын алудың, олардың негізінде жатқан басты себептерінің міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасауды дәйекті түрде қолдайды.

Республиканың қауіпсіздігін күшейтудің маңызды аспектісі Қазақстанның Солтүстік-атлантикалық Альянсымен ынтымақтастығы болып табылады. 1992 жылы Қазақстан Солтүстік-атлантикалық ынтымақтастық Кеңесіне (САЫК, бүгінде – ЕАСК) қосылды. Қазақстанның ЕАСК (Еуроатлантикалық серіктестік кеңесі) бағыты бойынша ынтымақтастығы диалог, серіктестік және ынтымақтастық бойынша Жоспар негізінде сәтті жүзеге асатын. 1994 жылы мамырда Қазақстан «Бейбітшілік үшін серіктестік» атты нобайлы құжатқа қол қойды. Бұдан кейін 1996 жылы шілдеде САКҰ-ның штаб-пәтері Брюссельде Қазақстан мен САКҰ арасында екі келісімге қол қойылды: Қауіпсіздік туралы келісім және Қарулы күштер мәртебесі туралы келісім. Бұл құжаттар Қазақстан және САКҰ-ның серіктес қатынастарының алдағы дамуы үшін құқықтық базаны жасады.

Қазақстанның «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қатысуының тәртібі мен деңгейі халықаралық және ұлттық қауіпсіздік мүдделерімен, бар қажеттілік пен бар мүмкіндіктермен анықталады. Қазақстан Республикасының САКҰ-мен «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы бойынша әскери-саяси ынтымақтастығы саяси саладағы мынадай бағыттар бойынша жүзеге асады: аймақтағы жағдайдың тұрақтылығы жөніндегі мәселелерді талқылауға қатысу; қарулануды бақылау және қарусыздану бойынша пікір алмасу; САКҰ-ның тиісті іс-шараларына қатысу; САКҰ-ға мүше мемлекеттер мен «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы бойынша серіктес мемлекеттерді Қазақстанның әр түрлі сыртқы саяси мәселелер, аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша ұстанымы жөнінде ақпарат беру. Қазақстан САКҰ-мен ең алдымен кадр дайындау, бітімгершілік, ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласында диалогты нығайтуды өзінің еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздікті күшейтуге үлесі ретінде қарастырады [8].

Қазақстанның таратпау тәртібін күшейту бойынша бірінші қадамы 20 жылдан аса уақыт бұрынғы 1991 жылы Семей ядролық полигонының жабылуы болды. Осы жылы Қазақстан Алматыдағы кездесуде Ресей, Украина және Беларусьпен бірге ядролық қару жөніндегі бірлескен шаралар туралы Келісімге қол қойды. 1992 жылы мамырда стратегиялық шабуылды қарулануды шектеу туралы Келісіміне Лиссабон хаттамасына қол қойып, 1994 жылы ядролық қаруды таратпау туралы Келісімге ядролық емес

мемлекет ретінде қосылғаннан кейін Қазақстан бес ядролық державадан қауіпсіздік кепілін алды.

